

"Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ және "Алматы Пауэр Консолидейтед" ЖАҚ мәселелерін реттеу жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "Трактебель" компаниясымен келіссөздер жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 535

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "ҚазТрансГаз" ЖАҚ-ның қатысуымен "Трактебель" компаниясымен (Бельгия) келіссөздер жүргізсін.
2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

вице-министрі Нұрлан Жамбылұлы Қаппаров пен "ҚазТрансГаз" ЖАҚ-ның президенті Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалинге "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ және "Алматы Пауэр Консолидейтед" ЖАҚ мәселелерін реттеу жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "Трактебель" компаниясымен келіссөздер жүргізуге өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.